

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ МАМАНДЫҚ

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі білім беру болып отыр. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен күнге айқындалып келеді. Әрбір елдің өркендеуі, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім болмақ. Қазақстанның білім беру жүйесі санға ғана емес, сапаға негізделуі – бүгінгі күн талабы.

«Бәсекеге қабілетті, дамыған мемлекет болу үшін, біз, сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек... Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғаны қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ, балаларымыздың жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыздың қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды», – деп Елбасы Жолдауында асықпай бейнестегі.

«Білімнің Билік және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының алдына үлкен міндеттер қойып отыр. Ол – өз қызметінің нәтижесін бағдарлап, бағалай алатын, оқу үдерісін жобалап жүзеге асыра білетін, педагогикалық жағдаяттарды талдауға қабілетті, өзінің жеке ой-пікірі бар, құзырлы педагог кадрларды дайындау.

М.Ә.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің құрамындағы Жаратылыстану-педагогикалық факультеті 7 мамандық бойынша төмендегі кафедраларда бакалаврлар мен магистранттарды даярлайды.

«Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасы 5B010900-Математика (бакалавриат), 6M010900-Математика (магистратура) мамандықтары бойынша мамандар даярлайды. Бұл мамандық іс-сипат қызмет ету саласы: орта мектептер, лицейлер, гимназиялар,

колледждер, мамандандырылған және зияткерлік мектептер; білім беру жүйесіндегі басқару құрылымдары.

«Физиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасы 5B011000-Физика (педагогикалық бағытта) және 5B060400-Физика (ғылыми бағытта) бакалавр мамандықтарын, 6M011000-Физика және 6M060400-Физика мамандықтары бойынша магистрлер дайындап келеді. Кафедраның түлектері мектептерде, колледждерде, мамандандырылған «Дарын» мектептерінде жұмыс істейді. Кафедраның магистранттары мен бакалаврлары ОҚМУ-дың «Сапа» физика-химиялық зерттеу орталығы лабораториясында, «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» инженерлік бағыттағы аймақтық сынақ лабораториясында, ұлттық ядролық орталықтың ядролық физика институтында жетекші мамандар мен ғылыми жетекшілерінің басшылығымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

«Информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасы 5B011100, 5B060200-Информатика (бакалавриат), 6M011100, 5B060200-Информатика (магистратура) мамандықтары бойынша мамандар даярлайды. Кафедра түлектері мына салаларда қызмет ете алады: орта мектептерде, лицейлерде, гимназияларда, колледждерде «Информатика және есептеу техникасы» пәнінің мұғалімі; мамандандырылған және зияткерлік мектептер; білім беру жүйесіндегі басқару құрылымдары;

информагика және қолданбалы математика, ақпараттық технологиялар, Internet-технологиялар, аймақтық және дүниежүзілік ақпараттық жүйелер саласы; ғылыми-зерттеу институттары, лабораториялар, конструкторлық және жобалау бюролары мен фирмалар.

«Химияны оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасы 5B011200-Химия (бакалавриат), 6M011200-Химия (магистратура) мамандықтары бойынша мамандар даярлайды.

Кафедра түлектері мына салаларда қызмет ете алады: орта мектептер, лицейлер, гимназиялар, колледждер, биохимиялық, гигиена-санитарлық лабораториялар; химия өнеркәсібі мен зауыттары.

«Кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасы базасында үш сатылық «Кәсіптік оқыту» 5B012000 (бакалавриат), 6M012000 магистратура), 6D012000 (докторантура-PhD) педагогикалық және ғылыми-педагогикалық мамандар даярланады.

Бітіруші түлектердің қызмет саласы: тігін бұйымдарын конструкциялау және модельдеу бойынша орта мектептерде, лицейлерде, колледждерде, мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттарында мұғалім; «Технология» пәнінен орта мектептерде және лицейлерде мұғалім; орта мектептерде, лицейлерде және мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаттарында «Авто ісі» пәнінен мұғалім.

Факультетте қазіргі таңда ғылыми-педагогикалық қызметпен 106 профессор-оқытушылар құрамы айналысады, олардың 12-сі – ғылым докторы, профессорлар, 45-і – ғылым кандидаты, доценттер.

Факультет ұжымы Қазақстан мен шетелдің жетекші ЖОО-ларымен тығыз байланыста, атап айтқанда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қ.Сатпаев атындағы ҚазҰТУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Новосібір мемлекеттік университеті; Пуэтра университеті (Малайзия); Томск мемлекеттік педагогикалық университеті (РФ), Тольятти мемлекеттік университеті (РФ), П.Е.Баранов атындағы Авиациялық мотор жасау орталық институты (Москва қ.), И.Лукаевич атындағы Жешув политехникалық университеті (Польша, Жешув қ.), «Фатих» университеті (Түркия, Стамбул қ.).

Құрметті мектеп, колледж бітіруші талапкерлер! Сіз ұлттық білім беру моделінен құрылған, жан-жақты мәдениеттілікті игерген, элеуметтік маңызы бар мәселелерді жоғары кәсіби дәрежеде ғылыми-практикалық және шығармашылық тұрғыдағы деңгейде шеше алатын маман болғыңыз келсе, онда М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Жаратылыстану-педагогикалық факультетіне оқуға түсуге шақырамыз.

Айгүл ПОЛАТБЕК, Жаратылыстану-педагогикалық факультетінің аға тәлімгері, магистр